

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасының Үкіметі арасында
Экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім
жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қыркүйектегі N 940 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.
2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбековке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасының Үкіметі арасында Экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех Республикасының Үкіметі
арасындағы Экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық
ынтымақтастық туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Чех
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропа
қоғамдастықтары мен оларға мүше мемлекеттердің арасындағы 1995 жылғы 23
қаңтардағы Серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін назарға ала
о т ы р ы п ,

ұзақ жылдық дәстүрлі экономикалық қатынастарды ескере отырып,
экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты
нығайтуға және қолдауға ұмтыла отырып,
халықаралық құқықтың негіз құрайтын қағидаттарын басшылыққа ала отырып,
мына төмендегілер туралы келісті:

Тараптар екі елдің мүддесінде мына салаларда өзара тиімді негізде экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға, нығайтуға және тереңдетуге ұмтылады:

- жеңіл өнеркәсіп,
 - көлік құралдарын қоса алғанда, көлік,
 - үшінші елдердің рыноктарындағы бірлескен ынтымақтастықты қоса алғанда, энергетика,
 - денсаулық сақтау және фармацевтика өнеркәсібі,
 - химия және мұнай-химия өнеркәсібі,
 - газ өнеркәсібі,
 - целлюлоза-қағаз өнеркәсібі,
 - электр жабдықтары мен тұрмыстық электр аспаптары,
 - электронды және электрлі техникалық өнеркәсіп,
 - ауыл шаруашылығы техникасы,
 - өнеркәсіптік қайта өңдеуге арналған жабдықтарды қоса алғанда, тамақ өнеркәсібі
- үшін жабдықтар,
- экологиялық машина-жасау,
 - тау-кен өндіру және металлургия өнеркәсібі,
 - құрылыс материалдары мен жабдықтар өндірісі,
 - тасымал электр желілерін қоса алғанда, электр станцияларын жаңғырту және қайта құру,
 - газ және мұнай құбырларын ұлғайту және қайта құру,
 - өнеркәсіпте де, азаматтық құрылыста да құрылыс жұмыстары,
 - өнеркәсіптің әртүрлі салаларында мамандарды даярлау,
 - ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың нақты бағыттарын дамыту,
 - өзара мүдделілікті білдіретін өзге де салалар.

2-бап

1. Тараптар осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген ынтымақтастық бағыттарды іске асыру мақсатында министрлердің орынбасарлары деңгейінде Қазақстан-чех экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясын (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

2. Комиссия жұмысының тәртібі қаржыландыру мәселелерін қоса алғанда Қазақстан-чех экономикалық өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясы туралы ережемен (бұдан әрі - Комиссия туралы ереже) айқындалады.

3. Комиссия туралы ережені Комиссияның тең төрағалары оның бірінші отырысында бекітеді.

3-бап

Комиссияның отырысы қажеттілігі бойынша, бірақ жылына бір реттен жиі емес Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасында кезекпен өткізіледі.

4-бап

1. Комиссияның негізгі міндеттері:

а) өзара мүдделерді білдіретін салаларда экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың бағдарламаларын талқылау;

б) кредиттер беру және экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін өзара қолайлы жағдайлар жасау ;

в) шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі бірлескен бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз ету;

г) екі ел субъектілерінің Тараптар мемлекеттерінің аумағында жүргізіліп жатқан халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысуы үшін, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің Сауда-өнеркәсіп палаталары мен басқа да кәсіпкерлік ұйымдардың ынтымақтастығы үшін тиісті жағдайлар жасау;

д) инфрақұрылымның экологиялық қауіпсіздік жүйелері саласында, оның ішінде:

- энергетика ,

- автомобиль және темір жол желілері,

- авиациялық көлік ,

- телекоммуникациялар ,

- өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды жинау және қайта өңдеу,

- суару жүйелері мен мелиорация саласында ынтымақтастықты кеңейту,

е) қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік мәселелері, бұл ретте негізінен табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану, сондай-ақ өнеркәсіпті дамытудың ғаламдық және өңірлік бағдарламаларына сәйкес экологиялық таза өндірістер саласын кеңейту назарға алынатын болады ;

ж) халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес атом реакторларының қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған арнайы бағдарламаларды әзірлеуді қамтамасыз ету .

2. Комиссия кооперациялық қатынастар мен өндірістік ынтымақтастықтың басқа да нысандарын дамытуға ықпал етеді.

5-бап

1. Тараптардың ынтымақтастығы бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропа қоғамдастықтары мен оларға мүше мемлекеттердің арасындағы 1995

жылғы 23 қаңтардағы Серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге және бір тараптан Еуропа қоғамдастықтары немесе Еуропа қоғамдастықтары мен мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қазақстан Республикасы арасындағы қалған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы келісім шеңберіндегі Тараптардың ынтымақтастығы олар қатысушылар болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан, оның ішінде Чех Республикасының Еуропа Одағындағы мүшелігінен туындайтын елдердің міндеттемелерін қозғамайды.

6-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар және/немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды өзара консультациялар және/немесе келіссөздер жүргізу жолымен шешетін болады.

8-бап

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірінің екінші Тараптан оның осы келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін қолданылады.

2004 жылғы " ____ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, чех және орыс тілдерінде екі түпнұсқалық данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде алшақтық туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Чех Республикасының
Үкіметі үшін